

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 2 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қантардағы N 2828 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойниша :

"Жарлықта", "Жарлыққа", "Жарлығымен", "Жарлықпен", "Жарлық", "Жарлықты", "Жарлықтың" деген сөздер тиісінше "Занда", "Заңға" "Заңымен", "Заңмен", "Заң", "Заңды", "Заңын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(үекілетті мемлекеттік орган)", "(Блоктарды)", "(Блоктарының)" деген сөздер алып тасталсын ;

"инвестициялық бағдарламалардың конкурсын", "инвестициялық бағдарламалар конкурсын", "инвестициялық бағдарламалар конкурсына" деген сөздер тиісінше "конкурс", "конкурсқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органының", "Жер қойнауын пайдалану және оны қорғау жөніндегі мемлекеттік органның", "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган" деген сөздер тиісінше "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уекілетті орган", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уекілетті органмен", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уекілетті органға", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уекілетті органының", "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уекілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Жер қойнауын пайдалану", "Жер қойнауы жай-күйінің", "Жер қойнауын

"пайдаланушы", "Жер қойнауы", "Жер қойнауын", "Жер қойнауының", "Жер қойнауын қалдық", "Жер қойнауын пайдаланушылары", "Жер қойнауын пайдаланушылардың", "Жер қойнауын пайдаланушының", "Жер қойнауын пайдалануға", "Жер қойнауын пайдаланушымен", "Жер қойнауында", "Жер қойнауынан", "Операциялар", "Операцияларын", "Операциялары", "Операцияларды", "Жер қойнауын пайдаланудың" "Пайдалы", "Техногендік", "Техногенді", "Минералды", "Минералдық" "Учаскесінін", "Учаскелерін", "Учаскелерінің", "Учаскесінде", "Учаскелеріне", "Учаскелері", "Учаскесі", "Модельдік", "Контракт", "Контрактылар" "Контрактінің", "Контрактіге" "Контрактілерге", "Құзыретті", "Құқығын", "Құқығы", "Құқығынан", "Құқығының", "Құқығына", "Құқық", "Барлау", "Барлауға", "Барлаумен", "Өндіруге", "Өндірумен", "Өндіру", "Кен таралған", "Мемлекеттік", "Салуға", "Салу", "Салуды", "Сервитутты", "Сервитут", "Тау-кендері", "Өндеу", "Жұмыс", "Контрактінің", "Кен орны", "Геологиялық", "Мердігер", "Мердігердің", "Коммерциялық", "Сақтық", "Тенізді", "Ластануын", "Ластануы", "Лицензия" деген сөздер кіші әріптермен жазылсын;

4) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жер қойнауын пайдаланудың қауіпсіздігі - жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізген кезде техникалық, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

2) жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (судың толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі. Жағалау жиегінің нақты орналасу орнын белгілеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды;

3) жоғары технологиялар - Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өнімді әлемдік нарыққа ықпалдастыру мақсатында қолданылатын жаңа және жетілдірілген өнім мен барынша экологиялық таза технология ретінде сатуға шығарылған техника мен технологиялық процестердегі жалпы жұрт мойындаған жаңа жетістіктер;

4) геологиялық бөлу - жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізуге құқылы жер қойнауының участкесін схемалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын барлауға, бірлескен барлау мен өндіруге жасалатын келісім-шартқа қосымша;

5) тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алудың жылдық бағдарламасы - тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің, оның ішінде Қазақстанда шығарылғандарының, жер қойнауын пайдаланушы жоспарлайтын номенклатуrasesы мен көлемі және оларды иемденіп алудың тәсілдері мен мерзімдері;

6) жұмыстың жылдық бағдарламасы - жер қойнауын пайдаланушының күнтізбелік жылға арналған барлау, өндіру жөніндегі тау-кен жұмысының көлемі мен даму бағытын қамтитын іс-әрекеттерінің жоспары және қаржылық шығындары;

7) тау-кендік бөлу - жер қойнауын пайдалануышының өндіруді, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуге құқығы бар жер қойнауы участекесін графикалық және сипаттамалық жағынан айқындастын, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге жасалатын келісім-шарттардың ажырамас бөлігі не сервитут ресімделген жағдайда дербес құжат

б о л ы п

т а б ы л а т ы н

қ ұ ж а т ;

8) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу - жер қойнауы жай-күйінің мониторингіне, жер қойнауы участекелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жекелеген бөлікттерінің және тұтастай бүкіл аумағының геологиялық құрылымын зерттеуге, оларда пайдалы қазбалардың болу перспективаларын іздестіру және іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу арқылы анықтауға, жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын мемлекеттік геологиялық карталар жасауға

б а й л а н ы с т ы

ж ұ м ы с т а р

(о p e r a c i o n a l a r) ;

9) өндіру - минералдық шикізатты уақытша сактауды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне шығаруға, сондай-ақ техногенді минералдық түзілімдерден алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені;

10) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру - кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтаждары үшін өндіруге қатысы жоқ кең таралған пайдалы қазбаларды кез келген

ө н д і р ү ;

11) кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларын өз мұқтаждары үшін өндіру - өндірілген кең тараған пайдалы қазбаларға не жер асты суларына қатысты кейіннен мәмілелер жасау ниетінсіз, жеке меншіктегі, не тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығындағы жер участекесінде жүзеге асырылатын өндіру;

12) теңізді ластау - адамдардың денсаулығына, теңіздің жанды ресурстарына және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін не зиян келтіруге қабілетті, теңізде не оның жағалауында занды жұмысты жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлғаларға кедергілер жасайтын немесе залал келтіретін не залал келтіруге қабілетті материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістің теңіз аясына келіп түсуі, сондай-ақ сәулелер мен өрістердің алуан үлгілерінің пайда болуы;

13) қазақстандық өндіруші - Қазақстанда шығатын тауарларды өндіретін, жұмыстарды орындастын және қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасының жеке ж ә н е з а н д ы т ұ л ғ а л а р ы ;

14) қазақстандық шығарылым (Қазақстанда шығарылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің Қазақстан Республикасының аумағындағы тікелей өндірісі (орындалуы);

15) қазақстандық мазмұн - жылдары бойынша:

қазақстандық кадрларды міндетті оқыту бағдарламаларын және олардың біліктілігін

арттыруды іске асыру шаралары бойынша жыл сайын саны азаюға тиіс шетелдік қызметкерге шаққандағы арақатынасында әрбір санат бойынша жеке проценттік мазмұнын көрсете отырып, қызметкер санаты бойынша бөліп, қазақстандық кадрлар келісім-шартты орындаған кезде қолданылған;

тікелей де, қосалқы мердігерлік шарттарды жасасу арқылы да иемденіп алынған Қазақстанда шығарылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің көлемін қайта бөлу мүмкіндігі бар проценттік мазмұн;

16) коммерциялық табу - келісім-шарт аумағында өндіру үшін экономикалық жарамды бір немесе бірнеше кен орындарын табу;

17) құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын және келісім-шарттар жасау мен оларды орындауға байланысты құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының атынан әрекет жасайтын мемлекеттік орган;

18) келісім-шарт - құзыретті орган мен жеке немесе заңды тұлғаның (тұлғалардың) арасында барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру жүргізуге не барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жер асты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісім-шарт жасасқан кезде Қазақстан Республикасының қолданыста болған заң актілеріне сәйкес жасалған шарт;

19) келісім-шарттық аумақ - жер қойнауын пайдаланушы келісім-шартқа сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге құқылы, геологиялық не тау-кендік бөлүмен айқындалатын аумақ;

20) тарату қоры - Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою үшін жер қойнауын пайдаланушы құратын қор;

21) кен орны - пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) табиғи шоғырланған жер қоғайнауын бөлігі;

22) минералдық шикізат - жер қойнауының (тау жынысы, кен шикізаты және басқалар) жер үстіне шығарылған, құрамында пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) бар бөлігі;

23) модельдік келісім-шарт - келісім-шарттардың жекелеген турлерінің ерекшеліктері, жер қойнауын пайдалану жөніндегі жекелеген операцияларды жүргізу көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін және келісім-шарттар жасау кезінде үлгі ретінде пайдаланылатын типтік келісім-шарт;

24) жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компания (бұдан әрі - ұлттық компания) - өзінің жарғылық капиталына мемлекет жүз процент қатысатын, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға;

25) жер қойнауы - топырақ қабатынан, ол жоқ болса - жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке созылған жер қыртысының бөлігі;

26) жер қойнауын пайдаланушы - осы Заңға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығын иеленуші жеке немесе занды тұлға;

27) кең таралған пайдалы қазбалар - табиғи күйінде немесе сөл өндөліп, тазартылғаннан кейін негізінен жергілікті шаруашылық мұқтаждарын қамтамасыз етуге жұмсалатын пайдалы қазбалар (құм, саз, қыыштық тас және басқалар);

28) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар - жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, барлауға және өндіруге, соның ішінде жер асты суларын, шипалы балшықты барлауға және өндіруге, жер қойнауын қалдық суларды ағызын үшін барлауға байланысты жұмыстар, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес, жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

29) жер қойнауын қорғау - Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы зандарында көзделген, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбауға, пайдалы қазбаларды өндіру кезінде оларды неғұрлым толық әрі кешенді түрде алуға, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған іс-шаралар жүйесі;

30) минералдық шикізатты бастапқы өндеу (байыту) - тау-кен өнеркәсібі қызметінің өндірілген жерінде жинауды, ұсатуды немесе үгітуді, жіктеуді (сорттауды), брикеттеуді, агломерациялауды және физикалық-химиялық әдістермен байытууды (пайдалы қазбалардың минералдық нысандарын, олардың агрегаттық-фазалық жай-күйін, кристаллдық-химиялық құрылымын айтарлықтай өзгертуестен) қамтитын, сондай-ақ пайдалы қазбаны өндіру жөніндегі жұмыстардың (жер асты газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық еріту, ұсақ тау-кен жынысты кен орнын ұсақтап және гидравликалық жолмен игеру) арнайы түрлері болып табылатын өндеу технологияларын қамтуы мүмкін түрі;

31) минералдық шикізатты өндеу - минералдық шикізаттан пайдалы қазбаны (пайдалы қазбаларды) бөліп алуға байланысты жұмыстар;

32) жер асты сулары - жер қойнауында жатқан және осы Заңға сәйкес пайдаланылатын пайдалы қазба;

33) мердігер - құзыретті органмен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісім-шарт жасасқан жеке немесе занды тұлға;

34) іздестіру жұмыстары - пайдалы қазбалардың перспективалы участекелері мен кендік нышандарын табу және сұлбасын жасау, болжамдық ресурстарын бағалау, оларға алдын ала геологиялық-экономикалық баға беріп, геологиялық-барлау жұмыстарын одан әрі негіздеу мақсатындағы геологиялық барлау жұмыстарының сатысы;

35) іздестіру-бағалау жұмыстары - табылған объектінің жалпы ресурстарын анықтау, олардың өнеркәсіптік маңызын бағалау және әзірлеуге тартуудың орындылығы

мен қажеттілігін техникалық-экономикалық негіздеу маңсатындағы геологиялық
барлау жұмыстарының сатысы;

36) пайдалы қазба - жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ күйінде кездесетін (соның ішінде шипалы балшық) материалдық өндірісте қолдануға жарамды табиғиминералдық түзілім;

37) кен орындарын игерудің он іс-тәжірибесі - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қолданылатын ұтымды, қауіпсіз, қажетті және экономикалық тиімді деп саналатын жалпы қабылданған халықаралық іс-тәжірибе;

38) жер қойнауын пайдалану құқығы - осы Заңға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға берілген келісім-шарт аумағы шегіндегі жер қойнауына иелік ету және оны пайдалану құқығы;

39) сақтық аймағы - Қазақстан Республикасының аумағында теңіз жағалауы жиегінен құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан аймақ;

40) құмыстар - тауарларды шығару (өндіру), жабдықтарды монтаждау, құрылыштарды және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, келісім-шартта көзделген қызмет үшін де ілеспе ретіндегі өзге де қажетті объектілерді салу жөніндегі қызметті ақылы негізде жүзеге асыру;

41) жұмыс бағдарламасы - жер қойнауын пайдаланушының осы Заңның 41-5-бабының 5-тармағына сәйкес конкурстық ұсыныстардың шарттарын іске асыру жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, келісім-шарт күшінің толық мерзіміне арнаған жоспарларының жиһнитығы;

42) барлау - пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіруге және оларды бағалауға байланысты жұмыстар (операциялар);

43) пайдалы қазбаларды ұтымды және кешенді пайдалану - кен орнын игерудің озық технологияларын пайдалану мен он іс-тәжірибесі негізінде жер қойнауы ресурстарының барлық түрлерін экономикалық тұрғыдан тиімді игеру;

44) сервитут - жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда көзделген жағдайларда барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес барлау, өндіру, бірлескен барлау жүргізу және өндіру, не жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану үшін басқа тұлғаларға берілген жер қойнауы участкесінің бір бөлігін шектеулі түрде насыналы пайдалану құқығы;

45) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалануға беру - мұнай мен газды сақтау үшін жер асты құрылыштарын, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды және қалдық суларды көму үшін жер асты инженерлік құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

46) техногендік су - жер қойнауын пайдалануши Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қалауы бойынша билік етуге құқылы жер қойнауын пайдалану

жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде технологиялық процестерді өткізу үшін
мұлде жойылуы қажет сү;

47) техногендік минералдық түзілімдер - жер қойнауын пайдаланушылардың тау-кен өндіру және байыту, металлургиялық және басқа да түрлі өндірістерінің қалдықтары болып табылатын, пайдалы компоненттері бар минералдық түзілімдердің, кен жыныстарының, сұйықтар мен қоспалардың шоғыры;

48) тауарлар - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, келісім-шартта ілеспе ретінде көзделген қызметтер үшін де сатып алынатын жабдық, дайын өнім және өзге де материалдық-техникалық құндылықтар;

49) жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган - жер қойнауын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орған;

50) қызметтер көрсету - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, тауарларды немесе басқа да материалдық заттарды шығаруға (өндіруге) бағытталмаған, келісім-шартта ілеспе ретінде көзделген қызметтер үшін де қажет қызметтерді ақылы негізде жүзеге асыру;

51) жер қойнауы участкесі - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тұйықталған шекараларда бөліп көрсетіletін жер қойнауының геометрияланған бөлігі;

52) экологиялық қауіпсіздік - қоршаған ортаға антропогендік және өзге де әсер ету нәтижесінде туындастын қатерлерден жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мұдделері мен құқықтары қорғалуының жай-күйі.;

5) 3-баптың 2) тармақшасындағы "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

6) 4-баптың 4-тармағындағы "осы Жарлықта немесе басқа заң актілерінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 5 - б а п т а :

тақырыбы "Пайдалы қазбаларға" деген сөздерден кейін ", техногендік минералдық түзілімдерге, техногендік суларға" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауы және оның құрамындағы пайдалы қазбалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет меншігі болып табылады.;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Техногендік минералдық түзілімдер мен техногендік сулар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады. Техногендік минералдық түзілімдерді игеру кезінде жер қойнауын пайдаланушы не жер қойнауын пайдаланушыдан техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығын алған үшінші тұлға кен орнын игеру кезінде салық төленбеген пайдалы қазбалардың қорына мемлекеттік сараптама жүргізуге және құзыретті органмен оны өндіруге келісім-шарт жасасуға міндетті.>";

4-тармақтағы "(шаруашылық жүргізу, жедел басқару)" деген сөздер алып тасталсын;

5 - т а р м а қ т а :

"тұзілімдер" деген сөзден кейін "мен техногендік сулар" деген сөздермен тоғызылсын;

"(шаруашылық жүргізу, жедел басқару)" деген сөздер алып тасталсын;

"тұзілімдерге" деген сөзден кейін ", техногендік суларға" деген сөздермен тоғызылсын;

"занды" деген сөз "Қазақстан Республикасының зандарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің жариялышы

1. Барлық мұдделі тұлғалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының заң функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді органдының және жергілікті өкілді органдардың **құзыретті органда**:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізудің шарттарымен және оның нәтижелері туралы шешімнің мазмұнымен;

2) жасалған келісім-шарттар бойынша конкурс шарттарының орындалуымен танысуга **құқығы бар**.

Тараптар құпия деп таныған ақпаратты Қазақстан Республикасының заң функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарына, жоғары өкілді органы мен жергілікті өкілді органдарына беру құпиялышық режимді бұзу болып табылмайды.

2. Мақсаты қоршаған органдың қорғау болып табылатын барлық мұдделі қоғамдық бірлестіктердің жүргізілетін немесе жоспарланатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға әсер етуіне қатысты толық және дұрыс ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен алуға құқығы бар.;"

9) 7 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кен орындарын игерудің оң іс-тәжірибесін негізге ала отырып, жер қойнауын пайдалану және қорғау ережелерін белгілейді;"

3) тармақшадағы "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) конкурсқа шығарылуға тиіс, жер қойнауы участеклерінің тізбесін, оның ішінде үлттық компанияның қатысу үлесі бар жер қойнауы участеклерінің тізбесін бекітеді;"

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Қазақстан Республикасында өндірілетін, мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және жер қойнауын пайдалану жөніндегі

операцияларды жүргізу кезінде пайдалану үшін немесе келісім-шартпен байланысты ілеспе қызмет үшін міндettі түрде конкурстық негізде алынуға тиісті тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізілімін жүргізу тәртібін бекітеді;

13) келісім-шарттар шарттарының орындалуын қадағалаудың мониторингін және оны бақылауды жүзеге асырудың тәртібін айқындауды";

1 0) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "жобаларын келісүді" деген сөздер "жобаларына сараптама" деген сөздермен аудастырылады;

4), 5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлесіп барлау мен өндіруге арналған келісім-шартты қоспағанда, келісім-шарт жасасу және оны тіркеу;

5) келісім-шарттардың орындалу талаптарын сақтаудың мониторингі және оны бақылауда.

Келісім-шарттардың талаптарын орындауды сақтау мониторингінің және оны бақылаудың құрылымын, мазмұнын және оны жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

6) осы Заңның 14-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын табыс етуге рұқсат беру, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру жөніндегі мәмілені мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде және ілеспе қызметте жоғары технологияларды, жаңа және өңдеуші өндірістерді, магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын конкурс талаптарына енгізу үшін конкурсқа қатысушыларға ұсыныстар әзірлейді.";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге кен орындарының қорларына мемлекеттік сараптамадан және өнеркәсіптік санаттағы қорлары бар екендігі расталғаннан кейін ғана конкурс өткізуға және келісім-шарттар жасауға міндettі>";

11) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де уәкілдеппен органдардың құзыреті

1. Сауда және индустримальық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілдеппен орған :

1) қазақстандық өндірушілердің және Қазақстанда шығарылатын, мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және міндettі түрде осы Заңның 63 -бабының 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына сәйкес конкурстық негізде

алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік тізілімін жасайды және жүргізеді;

2) мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тауарларды өндіретін, жұмыстарды орындастын, қызметтер көрсететін салада тіркелген ұйымдар бойынша деректер тізілімін жасау жөніндегі облыстық атқарушы органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

3) құзыретті органмен бірлесе отырып, жер қойнауын пайдалану контрактілерінде тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты қазақстандық мазмұнның есеп-қисап әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

4) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысты қазақстандық мазмұн бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарт міндеттемелерін орындау мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

5) Қазақстан Республикасында дамытылып жатқан басым жоғары технологиялық өндірістердің тізбесін бекітеді.

2. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын үйлестіретін уәкілетті орган:

1) құзыретті органмен бірлесе отырып, қазақстандық кадрларға қатысты қазақстандық мазмұнның есеп-қисап әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

2) қазақстандық кадрларды тарту бөлігінде қазақстандық мазмұн жөніндегі келісім-шарттар жобаларына сараптама жүргізеді;

3) қазақстандық кадрларды тарту бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық мазмұн жөніндегі келісім-шарт міндеттемелерін орындау мониторингін жүзеге асыруға қатысады.";

1 2) 9 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) қазақстандық мазмұн мен аумақтарды әлеуметтік дамыту бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарт міндеттемелерін орындау мониторингін жүзеге асыруға қатысады ;

3-2) жер қойнауын пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат береді;

3-3) мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде конкурсстық негізде сатып алу үшін немесе келісім-шартпен байланысты ілеспе қызмет үшін қазақстандық өндірушілер мен Қазақстанда шығарылатын тауарларды, орындалатын жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өндіретін салада тіркелген ұйымдар бойынша деректердің тізілімін жасауды жүзеге асырады";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және бірлескен барлау мен өндіруге келісім-шарттар жасасады, оларды тіркейді және орындаиды";

13) 10 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығы"

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) бірлескен барлау және өндіру;";

4) тармақша "салу және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзben т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы "немесе тұрақты" деген сөздер "немесе уақытша" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 11 - 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

сөйлемнің басындағы "Сервитут" деген сөз "Жер қойнауы участкесіне сервитут" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұрындыратын" деген сөз "әкеп соғуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Сервитут алуға мүдделі тұлға (сервитут алуға үміткер) сервитутты алу үшін сервитут белгіленуі тиіс жер қойнауының участкесіне жер қойнауын пайдаланушымен сервитутты белгілеу мүмкіндігі туралы келісімге қол жеткізуге және сервитутты белгілеу туралы шарт жасасуға міндетті.

2-2. Сервитут алуға үміткер мен жер қойнауын пайдаланушы арасында сервитутты белгілеу мүмкіндігі туралы келісімге немесе сервитутты белгілеу шартының ережелеріне қол жеткізілмеген кезде, мүдделі тұлға сотқа жүгінуге құқылы.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сервитутты беру құзыретті органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2, 3-3 және 3-4-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Сервитут құзыретті органда тіркелуге жатады.

3-2. Жер қойнауының участкесіне сервитут белгілеу кезінде, егер сервитуттың талаптары туралы шартта немесе Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сервитуттың құқық иегері жер қойнауын пайдаланушының сервитутпен байланысты шығындарын өтеуге міндетті.

3-3. Сервитуттың талаптары туралы шартта сервитуттың құқық иегерінің жер қойнауын пайдаланушыға төлейтін төлемі көзделуі мүмкін.

3-4. Сервитут мерзімінің өтуімен не ол берілген негіздер тоқтатылған кезде т о қ т а т ы л а д ы . " ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сервитут жер қойнауын пайдалану құқығы берілген және жер қойнауын пайдалану құқығы сервитутпен ауыртпалық салынған жер қойнауы участкесіне қатысты әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен басқа тұлғаға ауысқан жағдайда сакталады.";

1 5) 1 3 - б а п т а :

1-тармақтағы ", сондай-ақ Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын Салуға және (немесе) пайдалануға арналған" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3 және 1-4-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Барлау, өндіру немесе бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт конкурс өткізудің нәтижелері негізінде жасалады.

Конкурс өткізбей тікелей келіссөздер негізінде:

1) барлауға арналған келісім-шарттың негізінде коммерциялық табумен байланысты өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға айрықша құқығы бар тұлғамен бірлесіп өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалануға беру жөніндегі операцияларды жүргізуге;

3) ұлттық компаниямен бірлесіп барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге келісім-шарттар жасалады.

1-2. Келісім-шарт аумағында немесе одан тыс жерлердегі барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес және радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды және ағынды суларды көмуге арналған жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалануға беру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның жазбаша рұқсаты негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

1-3. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты және барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісім-шарттардың жұмыс бағдарламаларына құрамдас бөлік болып кіретін жер асты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға беруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру талап етілмейді.

1-4. Шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық мақсатқа арналған жер асты суларын тәулігіне 2000 текше метрден аз алу лимитімен барлау және (немесе) өндіру құқығын беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен арнаулы уәкілетті орган берген рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.";

2 - т а р м а қ т а :

"Коммерциялық мақсатта" деген сөздер алып тасталсын;

"Өндіру" деген сөз "барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге" деген сөздермен аудастырылсын;

"негізінде" деген сөз "жолымен" деген сөзбен аудастырылсын;

2 - 1 - т а р м а қ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізуге шарт жасасу жолымен жүргізіледі.";

4-1-тармақтағы "Жер қойнауын пайдаланушыға", "жер қойнауын пайдаланушылар", "жер қойнауын пайдаланушылардың" деген сөздер тиісінше "тұлғаға", "тұлғалар", "тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Геологиялық және тау-кен бөлулері

1. Барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығының иегері жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды геологиялық немесе тау-кендік бөлуге сәйкес белгіленген жер қойнауы участекінің шектерінде ғана жүргізуге құқылы.

2. Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының иегері барлау жөніндегі операцияларды тау-кендік бөлүмен белгіленген жер қойнауы участекінің шектерінде жүргізуге құқылы. Қорлар өсіп, оларды мемлекеттік сараптама растиған жағдайда келісім-шартқа тараптардың жазбаша келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

3. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган конкурс жеңімпазын анықтағаны туралы құзыретті орган хабарлаған күннен бастап жиырма күн ішінде конкурс жеңімпазына немесе осы Занда көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығы конкурсы өткізбей ұсынылатын тұлғаға геологиялық бөлу беріледі.

4. Тау-кендік бөлуді жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган конкурс жеңімпазына немесе осы Занда көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығы конкурсы өткізбей ұсынылатын тұлғаға, аталған тұлға тау-кендік бөлу жобасын ұсынған күннен бастап жиырма күннен кешіктірмей береді.";

1 7) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығын ақылы не тегін негізде басқа тұлғаға ішінера немесе толықтай (еншілес ұйымнан және әмбебап құқықтық мирасқорлық шарттармен беру жағдайларынан басқа) беруі, құрылатын заңды тұлғаның жарғылық қорына жарна ретінде беруді, жер қойнауын пайдалану құқығын жер қойнауын пайдаланушының банкроты кезінде конкурсстық өндіріс процесінде не жер қойнауын пайдаланушыларды - мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру процесінде сатылатын мүліктік кешен құрамында беруді, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруді қоса алғанда, құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады. Құзыретті органның рұқсаты немесе рұқсат беруден дәлелді бас тартуы өтініш берген күннен бастап он бес күн ішінде беріледі.";

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2 және 1-3-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілге қойылып алынған кредит келісім-шартпен көзделген жер қойнауын пайдалану мақсаттарына ғана пайдаланылуға тиіс.

1-2. Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде кепілге салынған мүлікті өндіріп алу айналымы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

1-3. Жер қойнауын пайдалану құқығын сот қарауынан тыс мәжбүрлі түрде іске асыру кезінде мемлекеттік органдардың кепілге алынған мүлікті сот қарауынан тыс өткізу рәсімін тоқтата тұруға және жер қойнауын пайдалану құқығына, соның ішінде кепілге алынған мүлікке тыйым салу жолымен шара қолдануға құқығы жоқ.;"

2-тармақтағы "(Контракт жасасылған жағдайларда)" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Өндіруге" деген сөз "барлауға, өндіруге және бірлескен барлау мен өндіруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы ", сондай-ақ 15-баптың 2-тармағын бұза отырып" деген сөздер алып тасталсын ;

9-тармақ "жер участкесін" деген сөздерден кейін ", тау-кендік және (немесе) геологиялық бөлуді" деген сөздермен толықтырылсын;

9-1-тармақтың екінші бөлігіндегі "қолданылып жүрген заңдар мен Контрактінің шарттарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9 - 2 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісім-шартқа тиісті өзгерістер немесе толықтырулар тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.";

екінші сөйлемдегі "қайта ресімдеуден және" деген сөздер алып тасталсын;

18) 15-бап алып тасталсын;

19) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді осы Заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар жүргізе алады.

2. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бойынша операцияларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар респубикалық бюджеттен немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылуы мүмкін. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі

операцияларды республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.";

20) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Минералдық шикізатты бастапқы өндеу

1. Минералдық шикізатты бастапқы өндеу өндіруден кейінгі тікелей операция болып табылады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға жатпайды.

2. Минералдық шикізатты бастапқы өндеуді лицензиялау осы Заңның ережелеріне бағынбайды және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.";

21) 4-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1-тарау. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс";

22) 41-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-1-бап. Барлауды, өндіруді және бірлескен барлау мен өндіруді жүргізу құқығын беру тәртібі

1. Құзыретті орган барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға жер қойнауы участеклерінің тізбесі бойынша, сондай-ақ конкурс талабы ұлттық компанияның үlestік қатысуы болып табылатын жер қойнауы участеклерінің тізбесі бойынша конкурс өткізеді.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсты осы Заңға сәйкес және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен құзыретті орган жүргіздеді.

3. Барлауды, өндіруді және бірлескен барлау мен өндіруді жүргізу құқығын беру:

қазақстанның кадрларды, оның ішінде олардың санаттарын және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу деңгейін ескере отырып тарту жөніндегі;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде мердігерлік жұмыстарға тауарлары, жұмыстары және көрсететін қызметтері мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес болған жағдайда қазақстанның өндірушілерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен конкурстың негізде тарту жөніндегі

жөніндегі;

жоғары технологияларды, жаңа және өндіреуші өндірістерді, магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді түрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді әлеуетті қатысушылар қабылдаған кезде жүзеге асырылады.

4. Өнімдерді бөлу мәселелері бойынша арнайы заңдарда жер қойнауын пайдалану құқығын берудің ерекше тәртібі белгіленуі мүмкін.";

2 3) 4 1 - 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "және оның сипаттамасы" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте :

"кен орнын ашқаны үшін төлемнің," деген сөздер алғып тасталсын;
мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Құзыретті орган тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен келісім-шарттық міндеттемелерде қолданылатын қазақстандық мазмұн бойынша республика қажетінің ең төменгі проценттік мөлшерін айқындаиды.";

мынадай мазмұндағы 3-5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Конкурсқа қатысушыларға өтінім беру үшін берілетін мерзім бір айдан кем болмауға тиіс.

4. Конкурс шарттарының жарияланған күні мен конкурс өткізілетін (қорытындылар шығарыла бастайтын) күннің арасындағы мерзім үш айдан кем болмауға тиіс.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысқысы келетін тұлғалар құзыретті органдарғы конкурсқа ұсынылған жер қойнауы участеклерінің сипаттамасымен танысуға құқылы.";

24) 41-4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Өтінім берушінің алған геологиялық ақпаратты жария етуге немесе үшінші тұлғаларға беруге құқығы жок.";

2 5) 4 1 - 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтінім беруші конкурс талаптарымен белгіленген мерзімде барлауға, өндірге немесе бірлесіп барлау мен өндірге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсынысты жасайды.";

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтінім берушінің, соңғы бес жылда өзі қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, бұрынғы қызметі туралы ақпарат;";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) өтінім берушінің қаржылық мүмкіндіктері туралы деректер;"

2) - 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жұмыс бағдарламасы мен олардың жүзеге асырылуына арналған шығындарды қоса алғанда, барлау жүргізу жөніндегі міндеттемелер мен ниеттер, сондай-ақ барлау жүргізудің басталу мерзімі мен қарқындылығы;

3) келісім-шарт аумағының жерлерін қайта қопсыту мен қалпына келтіру туралы шарттарды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі міндеттемелері мен ниеті;

4) барлау жүргізуді өз қаражаты мен (немесе) қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру міндеттемелері мен ниеті, сондай-ақ бюджетке бастапқы төлемдердің мөлшері ; " ;

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3) және 4-4) тармақшалармен толықтырылсын:
"4-1) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымының дамуына қатысу жөніндегі міндеттемелері мен ниеті;

4-2) қазақстандық кадрларды тарту жөніндегі міндеттемелер және қазақстандық қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыруды үйімдастыру жөніндегі ұсныстар;

4-3) жұмыс істейтін қызметкерлерді олардың жалпы санының проценті есебімен, сондай-ақ келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті, мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жалпы құнының проценті есебімен конкурстық негізде сатып алынатын қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді міндетті түрде тарту ниеці;

4-4) жоғары технологияларды, жаңа және өндійтін өндірістерді дамыту мен магистральды және өзге де құбырларды пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді түрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсныстар;";

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) өтінім беруші ұсынған өзге де міндеттемелері мен ниеті болуга тиіс;";

6) тармақша алып тасталсын;

3 - тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстық ұсныста, ақпараттан, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында жазылған, 2) тармақшасын қоспағанда, міндеттемелер мен ниеттен басқа;";

4) тармақшадағы "көзделіп отырган ақша түсімдері" деген сөздер "бюджетке бастапқы, сондай-ақ кейінгі төлемдердің болжанған көлемі туралы ниеті" деген сөздермен аудастырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың 2-тармағына сәйкес конкурсқа қатысу барысында өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен ниет барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жұмыс бағдарламасына енгізіледі, ал осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес ұсынған міндеттемелер мен ниет тиісінше өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жұмыс бағдарламасына немесе бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жұмыс бағдарламасына енгізіледі.";

26) 41-6-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Конкурсқа қатысу құқығынан бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.";

27) 41 - 7 - бапта:

1 - тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жер қойнауын және қоршаған органды қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу

жөніндегі талаптардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақталуы;";
мынадай мазмұндағы 6) - 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) жұмыс істейтін қызметкерлердің жалпы санының проценті есебімен қазақстандық кадрларды тарту жөніндегі қабылданған міндеттемелері және қазақстандық қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыруды үйымдастыру жөніндегі ұсыныстары;

7) келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті, мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жалпы құнының проценті есебімен сатып алынатын қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер жөнінде қабылданған міндеттемелері;

8) жоғары технологияларды, жаңа және өндейтін өндірістерді, магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсыныстары.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Конкурстық ұсыныстар жасаған өтінім берушілер арасынан конкурс женімпазын құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін конкурстық комиссия айқындауды.

Конкурстың қорытындыларына сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 3 - 9-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Конкурс женімпазы конкурстық ұсыныстарды қарau негізінде айқындалады.

4. Қорытындыларды шығару мерзімі конкурс шарттарымен белгіленеді, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс. Конкурстың қорытындыларын шығару мерзімі конкурстық комиссияның шешімімен ұзартылуы мүмкін.

5. Бір конкурстық ұсыныс түскен жағдайда құзыретті орган осы объект бойынша конкурс өткізу туралы қайтадан хабарлайды. Жаңа өтінім берушілер болмаған жағдайда, конкурстық комиссия жалғыз өтінім беруші болған кезде конкурсты өтті деп тануы мүмкін.

6. Конкурстық комиссияның конкурс женімпазын анықтау немесе конкурсты өткен жоқ деп тану жөніндегі шешімі хаттамамен ресімделеді.

7. Конкурс нәтижелері ресми баспа басылымында жариялануға тиіс.

8. Жер қойнауы участкесінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін конкурс женімпазы құзыретті органмен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісім-шарт жасасады. Жер қойнауын пайдалану құқығы тек келісім-шарт тіркелген кезден бастап қана берілген және туындаған деп есептеледі.

9. Конкурс женімпазы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттың жобасын бір жылдан артық мерзімде бермеген жағдайда, конкурстық комиссия өтінім берушіні жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурс женімпазы деп тану туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жоюға құқылы.";

28) 41-8-бап алып тасталсын;

29) 5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттар";

3 0) 4 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін келісім-шарттардың мынадай түрлері қолданылады:

1) ө н і м д і б ө л у т у р а л ы ;

2) к о н ц е с с и я т у р а л ы ;

3) мердігерлік және өтемді қызметтер көрсету (сервистік келісім-шарт) туралы.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі нақты операциялар талаптарына және басқа да мән-жайларға байланысты келісім-шарттардың аралас және өзге де түрлеріне жол беріледі.

Келісім-шартты жасасу, орындау, өзгерту немесе тоқтату осы Заңға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүргізіледі.";

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

2-1, 2-2 және 2-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Келісім-шарт талаптары тараптардың өзара келісімімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келуге тиіс.

2-2. Келісім-шарт талаптарының Қазақстан Республикасына қатысты тиімділігі конкурстық ұсыныс талаптарымен салыстырғанда аз болуы мүмкін емес. Бұл ретте салық салу ережелері Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес белгіленеді. Келісім-шарт талаптарында жер қойнауын пайдаланушының қабылдаған міндеттерін орындамағаны үшін, оның ішінде қазақстандық мазмұн бойынша да, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар мен өсімпұлдар) көлемі көрсетілуге тиіс.

2-3. Жұмыс бағдарламасы келісім-шартқа міндетті қосымша болып табылады және ол жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі жұмыстарды (операцияларды) жүргізуге арналған келісім-шартты жасасу кезінде тараптар барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты шарттарды келісуі мүмкін. Өндіру жөніндегі жұмыстарды (операцияларды) жүргізуге байланысты талаптар не бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі жұмыстарды (операцияларды) жүргізуге арналған келісім-шартты жасасу кезінде не коммерциялық табу жасалғаннан кейін келісілуі мүмкін.";

3 1) 4 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"алты жыл мерзімге" деген сөздер "алты жылға дейінгі мерзімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және тиісті жұмыс бағдарламасында" деген сөздер ", жұмыс бағдарламасында және жылдық жұмыс бағдарламаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"12 айдан" деген сөздер "үш айдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өндіруге арналған келісім-шарт - жиырма бес жылға дейінгі мерзімге, ал пайдалы қазбаларының қорлары мол және бірегей кен орындары бойынша қырық бес жылға дейінгі мерзімге жасалады. Өндіруге арналған келісім-шарттың мерзімі, егер жер қойнауын пайдаланушы мерзімді ұзарту үшін келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін он екі айдан кешіктірмей өтініш жасаса, ұзартылуы мүмкін.";

3-тармақтағы "1-тармағында" деген сөздер "1 және 2-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 43-1-баптың 4-тармағындағы "осы Жарлықтың 41-8-бабына сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

33) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"44-бап. Келісім-шарт жасасу және оны орындау

1. Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт жобасын конкурсстық комиссия конкурс жеңімпазы туралы шешім қабылдаған кезден бастап жеті ай ішінде ұсынады. Құзыретті орган келісім-шарттың талаптарын жер қойнауын пайдаланушымен келісімдер арқылы келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тараптармен келісілген келісім-шарт жобасына оған қол қойылғанға дейін бір ай мерзім ішінде құқықтық, экологиялық, экономикалық және салықтық, денсаулық сақтау және санитария, жер қойнауын қорғау, тау-кен қадағалау мәселелері бойынша, сондай-ақ қазақстандық мазмұнның бар екендігі жөніндегі міндетті сараптамалар жасалуға тиіс.

Сараптама қорытындыларын тиісті мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес береді. Қажетті сараптамалар жүргізілгеннен кейін құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттың түпкілікті талаптарын келіседі.

3. Келісім-шартты құзыретті орган тіркеуге тиіс. Егер келісім-шарттың күшіне енуінің өзге де неғұрлым кеш мерзімдері келісім-шартта айтылмаса, тіркелген кезден бастап күшіне енеді.

4. Келісім-шарттар жасасу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды .

5. Келісім-шартты жасау жер қойнауын пайдаланушы өтініш берген құннен бастап отыз құн ішінде жергілікті атқарушы органдардың дереу ресімдеуі үшін негіз болып табылады. Бұл ретте ресімделетін жер участекінің кеңістік шекаралары жер қойнауын пайдаланушы жер участекін іс жүзінде пайдалану мерзімдерінің шегінде жердің үстінгі бетін бұза отырып іс жүзінде пайдаланатын аумақпен шектеледі.

6. Құзыретті орган келісім-шарттың көшірмесін оны тіркегеннен кейін бір апта

мерзімде міндettі түрде жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орғанға жібереді.

7. Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасасқан кездегі, оның ішінде қазақстандық мазмұн бойынша міндettемелерін орындауды келісім-шартта белгіленген айыппұлдар мен өсімпұлдарды қолдануға әкеп соғады.";

3 4) 4 5 - 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"45-1-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуді тоқтата тұру";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды:

1) жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттарын бұзған жағдайда;

2) жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық мазмұнның жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын үнемі бұзған жағдайда алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы шешім шыққанға дейін жер қойнауын пайдаланушыны анықталған бұзушылықтар туралы жазбаша нысанда хабардар етуге және соңғысының осы бұзушылықтарды туғызған себептер туралы жазбаша түсініктемесін алуға міндettі. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, егер бұзушылыққа жол берген себептерді жою жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұрмайынша мүмкін болмаса, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушыдан анықталған бұзушылықтар туралы хабардар еткен кезден бастап он күн ішінде бұзушылықтардың себептері туралы түсініктемелер алмаған жағдайда тоқтата тұруға құқылы.";

35) 45-2-бап мынадай мазмұндағы 3 - 5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Тараптар Қазақстан Республикасының заң актілерінде және келісім-шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана келісім-шарттың қолданысын тоқтатуы немесе оның шарттарын өзгертуі мүмкін.

4. Тараптар келісім-шарттың қолданысы тоқтатылған немесе оның шарттары өзгертуілген кезде орындалмай қалған ағымдағы міндettемелерді орындаудан босатылады.

5. Келісім-шарттың қолданысын тоқтату жер қойнауын пайдаланушыны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бекітілген тарату жобасына сәйкес келісім-шарттық аумақты халықтың денсаулығы мен өміріне және қоршаған орта үшін қауіпсіз болатын жағдайға дейін қалпына келтіру жөніндегі міндettерді орындаудан босатпайды.";

36) 46-бап алып тасталсын;

37) 6-тараудың тақырыбындағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

3 8) 4 7 - б а п т а :

тақырыбындағы және бірінші абзацтағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

2) тармақшадағы "Пайдалы қазбаларды" деген сөздер "жер қойнауының ресурстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "сақтау" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "бағыттарына негізделген құқықтық, ұйымдастыру, экономикалық, технологиялық жүйелерді және басқа шараларды қамтиды." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен

толықтырылсын:

"5) су объектілерінің табиғи жағдайын сақтауды қамтамасыз ету бағыттарына негізделген құқықтық, ұйымдастыру, экономикалық, технологиялық жүйелерді және басқа шараларды қамтиды.;"

3 9) 4 8 - б а п т а :

1-тармақтағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

6) тармақшадағы "жер асты суларын" деген сөздердің алдынан "жер үсті және" деген сөздермен

толықтырылсын;

9) тармақшадағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) ластайтын заттарды атмосфералық ауага шығаруды болғызбау;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бекітілген кен орындарын жою (консервациялау) жобасы бойынша қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарларын жою.;"

40) мынадай мазмұндағы 48-2-баппен толықтырылсын:

"48-2-бап. Тарату қоры

Тарату қорына аударымдардың мөлшері мен тәртібі келісім-шартпен белгіленеді. Тарату қорының қаражатын пайдалану құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.;"

4 1) 4 9 - б а п т а :

тақырыбындағы "Жер қойнауын" деген сөздерден кейін "пайдалану және" деген сөздермен

толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац "Жер қойнауын" деген сөздерден кейін "пайдалану және" деген сөздермен

толықтырылсын;

1) тармақшада "жер қойнауын пайдалануға," деген сөздер "жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін," деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық сатыларында жер қойнауы ресурстарын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз

ету;

3) бай участкерді таңдап игеруге жол бермей пайдалы қазбаларды жер қойнауынан бөліп алудың толымдылығын қамтамасыз ету;";

4) тармақша "қосалқы компоненттерді," деген сөздерден кейін "соның ішінде" деген сөздермен

толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) бастапқы өндеу деректері бойынша мемлекеттік баланста есепте тұрған пайдалы қазбалар қорларын түзетуді жою;";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) су жинау алаңдарында және жер асты сулары жинақталған жерлерде ауыз сумен немесе өнеркәсіптік сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жиналуын болғызбау;";

мынадай мазмұндағы 3 - 5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан зиян келтірген тұлғалар, егер зиян еңсерілмейтін күштің салдарынан болғандығын дәлелдей алмаса, онда келтірілген зиянды нақты залал көлемінде өтеуге міндettі.

4. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген зиянның көлемін жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып жер қойнауын пайдаланушы айқындейді. Бұл орайда жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган зиянның көлемін есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен зиянды анықтау тәртібін басшылыққа

а л а д ы .

5. Зиянның көлемін анықтауға байланысты туындастын дауларды Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарында айқындалатын тәртіппен сот шешеді.";

42) 50-баптағы "айналадағы" деген сөз "қоршаган" деген сөзben ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталын;

43) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"51-бап. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылаудың міндегі жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жөніндегі зандарын және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау:

1) жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік мониторингті;

2) қорларды ашуды, әзірлеуді және қазып алуды қамтамасыз ететін, кен орындарының бай участкерін таңдап игеруді болғызбайтын, жер қойнауын озық қарқынмен геологиялық зерттеудің толымдылығын, өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялау және тарату кезінде жобалық шешімдерді сақтауды қамтамасыз ететін жер қойнауын пайдалану және қорғау саласына жататын лицензиялық-келісім-шарттық талаптардың сақталуын бақылауды;

3) пайдалы қазбалардың сыртқа шығарылатын және жер қойнауында қалдырылатын қорлары мен оларды өндіру кезіндегі шығынды есепке алудың дұрыстырылған бақылауды;

4) кен орны мен қоршаған ортаның бүлінуіне әкеп соғатын ластанудан, су басудан, өрттен және техногендік процестерден жер қойнауының сақталуын бақылауды қамтиды.;"

44) 52-1-баптың 2-тармағындағы "жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жасайтын уәкілді органға" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілді органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 5) 5 4 - б а п т а :

4-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) газдардың күтпеген жерден шығарылуын, судың, пайдалы қазбалардың және кен жыныстарының сыртқа жарып шығып кетуін, сондай-ақ тау соққыларын болжаяу және алдын алу жөніндегі арнайы іс-шараларды жүзеге асыру.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар әсер ететін аймақта халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы жұмысты тоқтата түруға міндettі және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны қайта бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қауіпті әсер ету аймағынан халық көшірілгеннен кейін ғана жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қайта бастауға құқылы.";

46) 55-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "(осы Жарлықтың 69-бабы)" деген сөздер алып тасталсын;

47) 57-баптың 1-тармағындағы "тиімді кешенді" деген сөздер "ұтымды және кешенді" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 59-баптың 1-тармағындағы "шаруашылық" деген сөз алып тасталсын;

49) 60-баптың 1-тармағындағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзben ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

50) 61-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі үекілетті орган жүргізеді.";

51) 62-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын;

52) 63 - баптың 1 - тармағында :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға ;";

3) тармақшадағы "жасаған" деген сөз "тіркелген" деген сөзben ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "қатаң сәйкестікте" деген сөздер "сәйкес" деген сөзben ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қызметкерлердің және халықтың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды және қоршаған органды қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен келісілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуудің технологиялық схемалары мен жобаларын сақтауға>";

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімді, олар мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келген жағдайда, міндettі түрде пайдалануға;

8) егер осы көрсетілетін қызметтер, Қазақстан Республикасының резидент еместері орындаитын біртекtes жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге қазақстандық ұйымдарды міндettі түрде тартуға>";

8 - 1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыру ісін келісім-шартқа сәйкес жүзеге асыруға ";

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) күзыретті органға жұмыс бағдарламасын іске асыру туралы ақпарат ұсынуға;";
мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) күзыретті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын ұсынуға;";

16) тармақшадағы "келтіруге" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "міндettі." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"17) өз қызметінің экологиялық салдарын жобалау сатысында болжауға;

18) қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сактандыруға міндettі.";

53) мынадай мазмұндағы 63-1, 63-2 және 63-3-баптармен толықтырылсын:

"63-1-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай тәсілдердің бірі қ о л д а н ы л ы п :

1) ашық немесе жабық конкурс;

2) бәсекелес орта болмаған кезде бір көзден;

3) осы Занда белгіленген тәртіппен конкурссыз негізде жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізгі тәсілі конкурс болып табылады. Ашық және жабық конкурстар екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып өткізу ілүйн мұмкін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ережелерін;

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді конкурссыз негізде жүзеге асырылатын сатып алудың ең жоғарғы мөлшерін белгілейді.

4. Жер қойнауын пайдаланушылар конкурстарды Қазақстан Республикасының аумағында өткізуге міндettі. Жекелеген жағдайларда құзыретті органмен келісе отырып, конкурс Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өткізілуі мүмкін.

5. Конкурсты ұйымдастыруши басқа да тең жағдайлар болғанда қазақстандық өндірушілерге басымдық беруге тиіс.

63-2-бап. Қазақстандық өндірушілерді қолдау

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде мердігер тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келген жағдайда, осы Заңың талаптарына сәйкес оларды қазақстандық өндірушілерден сатып алуға міндettі.

2. Сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болған кезде конкурс өткізуге бірыңғай шетелдік үйымдарды тартуға жол берілмейді.

3. Конкурсты үйымдастыруши конкурстың жеңімпазын анықтаған кезде тауарлары, жұмыстары және көрсететін қызметтері конкурстың талаптарына және белгіленген стандарттарға сәйкес келген жағдайда, конкурсқа қатысушылардың - қазақстандық өндірушілердің конкурстың өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма процентке азайтады.

63-3-бап. Жоғары технологияларды, жаңа және өндейтін өндірістерді, магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді іске асыру

Жоғары технологияларды, жаңа және өндейтін өндірістерді магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының іске асыруы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың және ұсынылған объектілерді инвестициялауға арналған қосымша шарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдаланушының аталған міндеттемелерді орындауға байланысты шығындары өндірілген мұнайдан алынған өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушыға өтелмейді.";

54) 64-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"64-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің шарттары

1. Пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру және пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес мақсаттарда жер қойнауын пайдалану бекітілген техникалық жобаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Барлауды жүзеге асыратын мердігердің кен орнының қорларын сынамалы пайдалануды жүргізуге, егер бұл келісім-шартта және жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген жылдық жұмыс бағдарламасында көзделген жағдайда ғана құқығы бар.

3. Барлау, өндіру не бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдалануши жұмыстардың жылдық бағдарламасын жыл сайын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен, егер келісім-шартта мұнданай келісім үшін өзгеше мерзім белгіленбесе, бірінші жылы - келісім-шарт жасалған айдан кейінгі айдың 30-нан кешіктірмей, ал одан кейінгі жылдары жоспар жасалып отырған жылдың алдындағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей келісуге міндетті.

Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық

бөлімшесі мердігердің техникалық жобаның шешімдерін және кен орындарын игерудің оң тәжірибесін қолдану жөніндегі міндеттемелерді сақтамауынан басқа ешқандай өзге негіздер бойынша жылдық жұмыс бағдарламасымен келіспеуге құқылы емес. Жылдық жұмыс бағдарламасын қарau жәne келісу мерзімі жеті күnnен аспауғa тиіs.

4. Жер қойнауын пайдаланушы жылдық бағдарламаны жер қойнауын пайдалану жәne қорғau жөnіндегi уәкілетті органмен келісіm бойынsha қайta қaraуы мүмкіn.

5. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жәne қорғau жөnіндегi уәkіletті органғa жер қойнауын пайдалану жөnіндегi операцияларды жүргізу туралы есептерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтіn шарттарда жәne тәrtіppен та b y s e t u g e m i n d e t t i .

6. Жер қойнауын пайдалану жәne қорғau жөnіндегi уәkіletті орган құзыретті органғa осындаи бағдарламалар мен есептер бекітілген кезден бастап екі апта мерзімде жұмыстардың жылдық бағдарламаларын келіsu хаттамаларының көшірмелерін табыс етеді.";

55) мынадай мазмұндағы 64-1-баппен толықтырылсын:

"64-1-бап. Коммерциялық табу

1. Барлауғa арналған келісіm-шарттың негізінде жұмыс жүргізген жәne коммерциялық табуды жасаған жер қойнауын пайдаланушының тіkelей келіссөздер жүргізу негізінде өндіруге құқық алуғa айрықша құқығы бар.

2. Жер қойнауын пайдаланушы барлау нәтиjесінде кен орнын (кен орындарын) тапқан жағдайда бұл туралы құзыретті органды хабардар етуғe, кен орнына бағалау жүргізуғe жәne ол коммерциялық табу болып табыла ма, соған қорытынды жасауғa міндетті. Табу туралы хабардар ету мерзімдері, бағалау, коммерциялық табудың бар екендігі туралы шешім қабылдауды талқылау рәsіmі келіsіm-шартпен айқындалады.

3. Коммерциялық табу кезінде жер қойнауын пайдаланушығa келіsіm-шарттың талаптарына сәйкес шығындарды толық немесе ішінara өтеу құқығы беріледі. Бұл ретте негізсіz үлгайтылған сипаттағы немесе кен орындарын ашудың oң тәжірибесімен сай келмейтіn немесе жер қойнауын пайдаланушының жұмыстарды жүргізу қaуіпсіздіgі , жер қойнауын жәne қоршаған ортаны пайдалану жәne қорғau саласында мемлекет белгілеген ережелер мен нормаларды бұзымын байланысты не олардың Қазақстан Республикасының заңдарында немесе келіsіm-шартта жүктелген өзге де міндеттерді бұзымын байланысты шеккен шығындарын өтеуғe жол берілмейді.

4. Егер барлау нәтиjесінде коммерциялық табу болmasa, жер қойнауын пайдаланушының салынған қаржыларының өтеуін алуғa құқығы жоқ.";

5 6) 6 6 - б а п т а :

такырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"66-бап. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөnіндегi операцияларды жүргізуდі тоқтату немесе тоқтата тұру кезіндеgi міnдеттері";

1 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і сөйлемде:

"өндірістік объектілерді" деген сөздер "өндірістік объектілері және жер участелері" деген сөздермен, "келтіруі қажет" деген сөздер "келтірілуі қажет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдаланушылар қызметінің салдарлары жойылуға тиіс.";

2-тармақтағы "салуда және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

5 7) 6 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"1." деген цифр алып тасталсын;

"шетелдік Жер қойнауын пайдаланушының немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес жер қойнауын пайдаланушысының үлестерінен Пайдалы қазбаларды" деген сөздер "жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

58) 69-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Заңың 18-бабының 2-тармағына сәйкес жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу барысында алынған ақпарат, қаржыландыру көздеріне қарамастан, мемлекеттің меншігі болып табылады және жұмыстарды жүргізу аяқталған соң орындаушы оны жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға беруге тиіс.";

59) 70-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт талаптарын сақтауын, соның ішінде жұмыс бағдарламасын орындауды бақылауды жүзеге асырады. Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттың талаптарын бұзған жағдайда құзыретті орган мұндай бұзушылықты жою қажеттігін жазбаша хабарламамен көрсете алады.";

60) мынадай мазмұндағы 70-1-баппен толықтырылсын:

"70-1-бап. Жер қойнауын пайдаланушының қызметін мемлекеттік органдар тарарапынан бақылау мен қадағалау

Жер қойнауын пайдаланушының қызметін бақылау мен қадағалауды құзыретті орган мен жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органдан басқа, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.";

бірінші бөліктегі "ол өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенге дейін берілген және жасалған Контрактыға" деген сөздер "осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалған келісім-шарттарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай редакциядағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негіздерін сақтау және нығайту үшін жер қойнауын пайдалануға жаңадан жасалатын, сондай-ақ бұрын жасалған келісім-шарттарда мемлекеттің келісім-шарттың басқа тарапының немесе жер қойнауын пайдалануға құқығы бар заңды тұлға қатысуышыларының және басқа тұлғалардың алдында жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) басқа сатып алушылар ұсынғаннан нашар болмайтын шарттармен сатып алуға басым құқығы бар.";

62) мынадай мазмұндағы 71-1 және 71-2-баптармен толықтырылсын:

"71-1-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

71-2-бап. Дауларды шешу

1. Келісім-шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер жүргізу арқылы не келісім-шартта бұрын келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес ш е ш і л е д і .

2. Егер келісім-шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар осы баптың 1 -тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда тараптар дауларды шешу үшін:

1) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сотқа;

2) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заң актісіне сәйкес халықаралық төрелікке бере алады.";

63) 73-баптың 3-тармағындағы "Барлауға және (немесе) Өндіруге Лицензия, әдетте, " деген сөздер "жер қойнауын пайдалану құқығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

64) мынадай мазмұндағы 74-1-баппен толықтырылсын:

"74-1-бап. Лицензиялық органның функциялары

Жер қойнауын пайдалануға арналған бұрын берілген және қолданыстағы лицензияларға қатысты лицензиялық органның (Қазақстан Республикасы Үкіметінің) функциялары құзыретті органға жүктеледі.";

65) 75-бап алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56-құжат):

1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алым тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша :

"Жарлықтың", "Жарлықты", "Жарлығына", "Жарлыққа", "Жарлығының", "Жарлығымен", "Жарлық", "Жарлықпен", "Жарлықта" деген сөздер тиісінше "Заңның", "Заңға", "Заңына", "Заңды", "Заңының", "Заң", "Заңмен", "Заңда" деген сөздермен аудастырылсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығымен", "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығының", "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығына" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Заңмен", "Қазақстан Республикасы Заңының", "Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(үәкілетті мемлекеттік орган)" және "(үәкілетті құзыретті орган)" деген сөздер алым тасталсын;

"жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен", "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган", "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органың", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органда", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган" деген сөздер тиісінше "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі үәкілетті органмен", "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі үәкілетті орган", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі үәкілетті органың", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі үәкілетті органда", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі үәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мұнай", "Теніз", "Теніздің", "Ішкі", "Контракт", "Контрактпен", "Контрактілер", "Контрактіге", "Контрактімен", "Контрактінің", "Контрактілерге", "Контрактілерде", "Контрактіде", "Контрактілерді", "Контрактіні", "Контрактілердің" "Контракті", "Жер қойнауларында", "Жер қойнауларын", "Мұнай", "Мұнайды", "Мұнайдың", "Мұнайға", "(Блоктардың)", "Блоктар", "Блоктарының", "Блокты", "(Блоктар)", "Блоктардың", "Блок", "Мемлекеттік", "Кен орындарын", "Кен орнының", "Кен орнына", "Кен орнынан", "Кен орындарының", "Кен орындары", "Кен орындарында", "Кен орнында", "Кен орны", "Құзыретті", "Мердігер", "Мердігерге", "Мердігерлер", "Мердігердің", "Мердігерді", "Мердігерден", "Мердігермен", "Мердігерлермен", "Мердігерде", "Мердігерлердің", "Барлау" "Барлаумен", "Барлауға", "Барлауына", "Барлауды", "Барлаудың" "Барлауда", "

"Өндіруді", "Өндіру", "Өндіруге", "Өндіруіне", "Өндірудің", "Өндірумен", "Ұлттық", "Құрылыш", "Құрылышта", "Мұнайгаз құбырларын", "Мұнайгаз құбырларының", "Мұнайгаз құбырлары", "Мұнайгаз құбыры", "Коммерциялық", "Табиғи", "Геологиялық", "Оң", "Шекара маңындағы", "Шекара маңында", "Сақтық", "Ластану", "Тау", "Құқық", "Құқықпен", "Жер қойнауын пайдаланушысының", "Жер қойнауын пайдаланушыға", "Жер қойнауын пайдаланушылардың", "Жер қойнауын пайдаланушылардан", "Жер қойнауын пайдаланушы", "Теніздегі", "Теніз", "Ең жақсы", "Ережеге", "Ілеспе", "Магистралды", "Ережелермен", "Ережелердің" деген сөздер кіші әріппен жазылсын;

4) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (судың толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі;

2) блок - мұнай операцияларын жүргізу үшін мердігерге беруге арналған және блоктардың арнайы дайындалған картасында блок ретінде белгіленген жер қойнауының учаскесі;

3) ішкі су айдындары - көлдер, жасанды су қоймалары және басқа да жер үсті су объектілері;

4) өндіру - мұнайды жер үстіне шығарумен байланысты кез келген операциялар және соның ішінде:

жер асты және жер үсті өнеркәсіптік жабдықтары мен құрылыштарын салу мен пайдалануды, оның ішінде мұнайды өндіру орнынан мердігердің құбырынан магистральдық құбырға және (немесе) көліктің басқа түріне аудару орнына дейін тасымалдау үшін;

мұнайды жер үстіне шығаруды, пайдалану ұнғымаларында жұмыс процесін ұйымдастыруды және демеп отыруды;

мұнайды өндеді және механикалық қоспалар мен қабаттағы судан тазартуды; мұнайдан ілеспе құрамдарды алуды, сондай-ақ табиғи газды және ілеспе газды кәдеге жаратуды;

жер асты қабаттарында бұрғылау шөгіндісін кәдеге жаратуды қамтиды;

5) теңізді ластау - адамдардың денсаулығына, теңіздің биологиялық ресурстарына және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін не зиян келтіруге қабілетті, теңізде немесе оның жағалауында жұмысты жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға кедергілер жасайтын немесе зиян не залал келтіретін немесе келтіруге қабілетті материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістердің теңіз аясына келіп түсуі, сондай-ақ сәулелер мен өрістердің алуан үлгілерінің пайда болуы;

6) коммерциялық табу - келісім-шарт аумағында әзірлеу үшін рентабельді бір немесе бірнеше кен орнын табу;

7) құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын және

келісім-шарттар жасаумен және орындаумен байланысты құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін мемлекеттік орган;

8) келісім-шарт - мердігер мен құзыретті орган арасында мұнай операцияларын жүргізу үргізу арналған шарт;

9) келісім-шарттық аумақ - мердігер келісім-шартта айқындалған мұнай операцияларын жүргізу үргізу құқылы, геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлумен айқындалатын аумақ;

10) магистральдық құбыр - мұнайды мердігердің құбырынан көліктің басқа түріне аудару, өндіу немесе тұтыну орнына дейін тасымалдауға арналған желілік бөліктен және онымен іргелес жатқан жер үсті объектілерінен, коммуникациялардан, телебасқару мен байланыстан тұратын инженерлік құрылыш. Құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбыр магистральдық құбырға жатпайды;

11) кен орны - кез келген тұрпатты геологиялық резервуардағы көмірсутектерінің бір немесе бірнеше табиғи шоғырлары;

12) теңіз - Каспий және Аral теңіздерінің қазақстандық бөлігі шегіндегі су айдыны мен қабаты, сондай-ақ Каспий және Аral теңіздерінің (көлдерінің) тұбі;

13) теңіздік ғылыми зерттеулер - теңізде мұнай операцияларын жүргізу салдарларын зерделеумен байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары;

14) теңіздік қорғау аймақтары немесе қауіпсіздік аймақтары - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын, адамдардың, теңіздің биологиялық ресурстарының, қоршаған ортаның қауіпсіздігін, сондай-ақ кеме қатынасын, балық аулауды және Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жеке және занды тұлғалардың теңіздегі басқа да қызметтерін қамтамасыз ету мақсатында теңіз құрылыштарының айналасында белгіленетін аймақтар;

15) теңіздік құрылыштар - жасанды аралдарды, бөгеттерді, қондырғыларды, жылжымайтын және жүзбелі жабдықтарды қоса алғанда, теңізде мұнай операцияларын жүргізу арналған жасанды құрылыштар;

16) теңізде қоршаған ортани қорғау жөніндегі ең үздік тәжірибе - теңізде мұнай операцияларын жүргізу де теңізді ластаудың ең төменгі деңгейін жасайтын не теңізді ластауды толығымен болғызбайтын жалпы қабылданған халықаралық практика;

17) мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі ұлттық компания (бұдан әрі - ұлттық компания) - өзінің жарғылық капиталына мемлекет жүз процент қатысатын, осы Заңмен белгіленген жағдайларда мұнай операцияларын жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға;

18) мұнай-газ құбырлары - мұнай тасымалдауға арналған құбырлар, оның ішінде магистральдық құбырлар, құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбырлар, сондай-ақ құбырлар жүйесі не оның жекелеген бөліктері арқылы тасымалданатын заттарды тазарту, айыру және сұйылту жөніндегі жабдықтар мен тетіктер, бақылау және оқшаулау жүйелері, электрлі-химиялық қорғаныс жүйелері мен

осындай құбырларға қызмет көрсетуге арналған өзге де жабдықтар;

19) мұнай - шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ, сондай-ақ шикі мұнай, табиғи газ тазартылғаннан кейін және жанатын тақтатастарды немесе шайырлы құмдарды өндегеннен кейін алынған көмірсүтектері;

20) мұнай операциялары - құрлықта, өзендердің, көлдердің және басқа да ішкі су айдындарының шектерінде жүргізілетін барлау, өндіру, жер асты қоймалары мен мұнай резервуарларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ теңіздегі мұнаай операциялары;

21) теңіздегі мұнай операциялары - теңізде жүзеге асырылатын барлау, өндіру;

22) оператор - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құзыретті органның жазбаша хабарламасы бойынша мердігерлер құратын немесе белгілейтін, келісім-шартты орындауға байланысты қызметті жедел басқаруды және есепке алу-есеп беру операцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға, оның іс-әрекеті үшін мердігер мемлекет алдында мүліктік жауапкершілікте болады;

23) мердігер - құзыретті органмен мұнай операцияларын жүргізуге контракт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

24) кен орындарын әзірлеудің он тәжірибесі - мұнай операцияларын жүргізу кезінде ұтымды, қауіпсіз, тиімді және қажетті болып саналатын жалпы қабылданған әлемдік практика;

25) мұнайдары ілеспе компоненттер - мұнай мен қабатты су құрамындағы технологиялық бөліп аруды талап ететін пайдалы қазбалар мен әртүрлі қосындылар;

26) сақтық аймағы - Қазақстан Республикасының аумағында теңіз жағалауы жиегінен құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан аймақ;

27) жағалау маңындағы мемлекеттер - Каспий және Арал теңіздері (көлдері) алабында іргелес және қарама-қарсы жатқан мемлекеттер;

28) шекара маңындағы кен орны - Қазақстан Республикасының аумағында немесе бір бөлігі теңіз аумағының шегінде не іргелес немесе қарама-қарсы жатқан мемлекеттің заңдық құзырындағы теңізде орналасқан кен орны;

29) табиғи газ - майлы газдан сұйық көмірсүтектерін сығымдаудан немесе айырудан кейін қалатын, майлы газды, құрғақ газды, ілеспе газды қоса алғанда, қалыпты атмосфералық температурада және қысымда газ тектес фазада болатын көмірсүтектері және сұйық немесе газ тектес көмірсүтектерімен бірге алынған көмірсүтекті емес газ;

30) кен орындарын сынамалы пайдалану - қабаттардың геологиялық-физикалық сипаттамасы, терендегі көмірсүтектердің жағдайлары, ұнғымалардың өнімділігі туралы бар ақпаратты нақтылау және қосымша ақпарат алу жөніндегі жұмыстар, мұнай мен газ арудың жаңа немесе бұрыннан белгілі технологияларын сынау;

31) барлау - мұнай іздеумен және барлаумен байланысты кез келген операциялар және олар:

геологиялық-геофизикалық зерттеулерді;

құралымдық бүрғылауды;
іздеу және барлау ұнғымаларын бүрғылауды, сондай-ақ барлаудағы кен орнын
сыйналалы пайдалануды қамтиды;

32) стратегиялық серіктес - мердігерді таңдау үшін, ұлттық компания мен құзыретті орган арасындағы тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша жасалған келісім-шарттар жөніндегі жобаларды іске асыру жөнінде немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өлшемдер негізінде ұлттық компания құзыретті органдың келісе отырып таңдаған немесе айқындаған қазақстандық немесе шетелдік занды тұлға (олардың бірлестіктері);

33) мұнай-газ құбырларын салу және (немесе) пайдалану - құрлықта, өзендерде, көлдерде, теңізде және басқа да ішкі су айдындарында мұнай-газ құбырларын салу, төсөу және пайдалану мақсатында жүргізілетін кез келген жұмыстар (операциялар);

34) мұнай мен газдың жер асты қоймалары мен резервуарларын салу және (немесе) пайдалану - жер асты мұнай және газ қоймалары мен резервуарларын салумен және (немесе) пайдаланумен байланысты кез келген жұмыстар;

35) шикі мұнай - табиғи газдан табиғи сұйылу жолымен пайда болған дистиллят және конденсат атаямен белгілі сұйық көмірсүтектерін қоса алғанда, қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде үлес салмағына қарамастан жер қойнауынан сұйық күйінде алынатын кез келген көмірсүтектері;

36) жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган - жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

37) табиғи және ілеспе газды кәдеге жарату - табиғи және ілеспе газды технологиялық қажеттіктер үшін пайдалану және (немесе) оны тауарлы өнімге дейін дайындау мақсатында оны кен орнында кәсіпшілік жинауды қамтамасыз ету.";

5) 2-баптың 4-тармағындағы "Республикасы қатысушы болып табылатын" деген сөздер "Республикасы бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Мұнай операцияларын жүргізуінде жариялышы

Мұнай операцияларын жүргізуге және келісім-шарттың талаптарына қатысты ақпаратты беру "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.";

7) 5-бапта:

5) тармақшадағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзбен ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алғып тасталысын; мынадай мазмұндағы 6-5) тармақшамен толықтырылсын: "6-5) жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау тәртібін бекітеді";

9 - 1) тармақша алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:
"10) конкурсқа, оның ішінде ұлттық компанияның үlestік қатысуымен, қойылуға
жататын блоктардың тізбесін бекітеді;

11) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және
көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережелерін бекітеді.";

8) 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) тікелей келіссөздер негізінде мұнай операцияларын жүргізу құқығын беру;";
2) тармақшадағы "тәуелсіз сараптама" деген сөздер "сараптама" деген сөзben
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) келісім-шартқа қол қою және оны тіркеу;";

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:
"3-1) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өкілеттіктерге сәйкес
келісім-шарттарда Қазақстан Республикасының мұдделерін білдіру;";

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне конкурсқа қойылатын, оның ішінде
ұлттық компанияның үlestік қатысуымен қойылатын блоктардың тізбесі бойынша
ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;" ;

7-1) тармақшада "инвестициялық бағдарламалардың конкурсын дайындау мен
ұйымдастыруды жүзеге асырады және" деген сөздер алып тасталып, "келіссөздер
жүргізеді;" деген сөздер "конкурсты әзірлеу мен ұйымдастыруды жүзеге асырады;"
деген сөздермен ауыстырылсын;

7-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-3) мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарттар талаптарының
сақталуына мониторингті және бақылауды жүзеге асырады;" ;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кен орындарының қорына мемлекеттік сараптама жүргізіп, өнеркәсіптік
санаттар қорларының бар екені расталғаннан кейін ғана өндіруге арналған конкурс
өткізуге және келісім-шарттар жасауға міндетті.";

9) 7-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өнірдің экономикалық және экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, өнірдің
тиісті аумағында Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытудың
мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуына қатысуға құқылы;" ;

1 0) 7 - 1 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен және

келісім-шартта бекітілген өкілеттіктер шегінде ұлттық компанияның үlestік қатысуын көздейтін мердігерлермен жасалған келісім-шарттарда мемлекет мұддесін білдіру;";

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша келісім-шарттарда үlestік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын ж ү р г і з у ;

2-2) оларға тікелей келісім негізінде ұсынылған блоктарда мұнай операцияларын ж ү р г і з у ;

2-3) мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру жөніндегі халықаралық және ішкі жобаларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қатысу;";

мынадай мазмұндағы 5) - 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының көмірсутегі шикізатын тасымалдау жөніндегі халықаралық және ішкі жобаларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қатысу;

6) келісім-шарттардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы есептерін әзірлеуге қатысу;

7) көмірсутегін барлау, әзірлеу, өндіру, өндеу, сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырлары мен мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері жөніндегі корпоративтік басқаруды және мониторингті жүзеге асыру болып т а б ы л а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы екінші-бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Ұлттық компания мердігер болып табылатын келісім-шарттар бойынша Қазақстан Республикасының пайдасына қол қою бонусын төлеу, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шартта өзгеше көзделмесе, барлауды қаржыландыруды оның стратегиялық с е р і к т е с і ж ү р г і з е д і .

Құзыретті орган жосықсыз мердігермен барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісім-шартты бұзған кезде ұлттық компания келісім-шарттық аумақты өз қарамағына алады. Құзыретті орган келісім-шартты бұзған кезде көрсетілген аумақтағы бұрынғы мердігердің мұлкі, ғимараттары, жабдықтары белгіленген тәртіппен республиканың меншігіне өтеді.

Ұлттық компания және құзыретті орган бұрын қолданылған келісім-шартқа белгіленген тәртіппен қажетті өзгерістер енгізеді.

Ұлттық компания келісім-шарттарда міндетті үlestік қатысумен мемлекеттік мұдделерді білдіру мақсатында операторды құру кезеңінде оператордың жарғылық капиталының кем дегендеге елу процентін иеленуге тиіс.";

11) мынадай мазмұндағы 7-2-баппен толықтырылсын:

"7-2 бап. Ұлттық компанияның үлестік қатысу арқылы мұнай операцияларын жүргізуі

1. Ұлттық компанияның келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізуі кезінде ұлттық компания мұнай операцияларын жүргізу құқықтарының бірлескен иегері ретінде жүреді. Мұндай мердігерлердің өзара құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ құзыретті органға қатысты құқықтары мен міндеттері контрактіде айқындалады.

2. Ұлттық компания "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын еншілес ұйымға беруге құқылы.";

1 2) 8 - 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі мұнай операцияларын жүргізуге, жер асты мұнай қоймалары мен резервуарларын салуға және (немесе) пайдалануға арналған құқық "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Занында белгіленген тәртіппен беріледі.";

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "Теңізде" деген сөз алып тасталсын;

4-тармақтағы "Тенізде" деген сөз алып тасталсын;

13) 25-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін келісім-шарттардың мынадай түрлері қолданылады:

1) өнімді болу туралы ;

2) концессия туралы ;

3) мердігерлік және өтемді қызметтер көрсету (сервистік келісім-шарт) туралы.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі нақты операциялардың талаптарына және басқа мән-жайларына байланысты келісім-шарттардың аралас және өзге де түрлеріне жол беріледі .

Келісім-шартты жасасу, орындау, өзгерту немесе тоқтату тәртібі осы Заңға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүргізіледі.";

1 4) 2 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт алты жылға дейінгі мәрзімге жасалады.";

екінші сөйлемдегі "тиісті жұмыс бағдарламаларында" деген сөздер "жұмыс бағдарламасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер мердігер келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан

кешіктірмей құзыретті органға өтініш жасаса, барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттың мерзімі ұзартылуы мүмкін.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт жиырма бес жылға дейінгі мерзімге жасалады. Кен орындарында қоры жүз миллион тоннадан асатын шикі мұнайды және (немесе) жүз миллиард текше метрден асатын табиғи газды алуға арналған өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт қырық бес жылға дейінгі мерзімге жасалуы мүмкін. Егер мердігер мерзімді ұзартуға келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін он екі айдан кешіктірмей өтініш жасаса, мердігер мен құзыретті органның өзара келісімі бойынша өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттың мерзімі ұзартылуы мүмкін.";

3 - т а р м а қ т а :

"Бірлесіп Барлау мен Өндіруге арналған Контракт" деген сөздер "Бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1-тармағымен" деген сөздер "1 және 2-тармақтарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Келісім-шарт талаптарының конкурстық ұсыныс талаптарымен салыстырғанда Қазақстан Республикасына қатысты тиімділігі аз болуы мүмкін емес.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Келісім-шарттың талаптары тараптардың өзара келісімімен айқындалады және Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.";

7-тармақ алып тасталсын;

15) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Келісім-шартты жасасу, өзгерту мен тоқтату және мұнай операцияларын тоқтата түру

Келісім-шартты жасасу, өзгерту және тоқтату, сондай-ақ мұнай операцияларын тоқтата түру "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

16) 28-1 және 29-баптар алып тасталсын;

1 7) 3 0 - б а п т а :

1-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көмірсутегі шикізатының кен орындарын барлау және өзірлеу бекітілген техникалық жобаларға сәйкес жүзеге асырылады.";

2 - т а р м а қ т а :

"Өндіруді" деген сөзден кейін "және бірлескен барлау мен өндіруді" деген сөздермен толықтырылсын;

"жұмыс бағдарламаларына" деген сөздер "келісім-шарттарға" деген сөзben

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мердігер барлау мен өндіруді жүргізу кезінде кен орындарын әзірлеудің он тәжірибесін басшылыққа алуға міндетті.

4. Барлауды жүзеге асыратын мердігер кен орындарын, егер ол келісім-шартта көзделсе, сынамалы пайдалануды жүргізуге құқығы бар.";

18) 30 - 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"30-1-бап. Жұмыс бағдарламасы және жылдық жұмыс бағдарламасы";

1 және 2-тармақтар алып тасталсын;

5 - т а р м а қ т а :

"Мердігер табыс еткен бекітілген жылдық жұмыс бағдарламалары мен есептерінің көшірмелерін" деген сөздер "жылдық жұмыс бағдарламаларын келісу хаттамаларының көшірмелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мен есептер" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

19) 30-3-баптың 2-тармағындағы "30" деген цифр "он" деген сөзben ауыстырылсын;

20) 30-4-баптың 1-тармағындағы ", дереу Барлауға кірісуге және оны" деген сөздер "барлауды" деген сөзben ауыстырылсын;

21) 30-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-5-бап. Ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату, жағу

1. Ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жаратпайынша, мұнай-газ кен орындарын өнеркәсіптік әзірлеуге тыйым салынады.

2. Авариялық жағдайды және халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға төнетін қауіпті қоспағанда, ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға тыйым салынады .

3. Ұңғымаларды сынау кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды және кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде ілеспе газды үш жылдан аспайтында жалпы мерзіммен жағуға жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның келісімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

4. Ілеспе және (немесе) табиғи газ жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатынсыз жағылған жағдайда, осы баптың 3-тармағына сәйкес мердігер жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға мұндай жағу туралы он күн

ішінде жазбаша хабарлауға міндettі. Мұндай хабарлама ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың себептері мен жағылған газдың көлемі жөніндегі мәліметтерді қамтуға тиіс.;"

22) 30-9-баптың 4-тармағындағы "алдын алу шараларына" деген сөздер "ластанудың алдын алу жөніндегі шараларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3) 3 1 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Келісім-шарттық аумақты өзгерту келісім-шартқа, оның ішінде геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуге, тиісті өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.";

4-тармақтағы "бірыңғай ең төмен, Барлау жүргізу қажет болғанда," деген сөздер алып тасталып, "жататын жұмыстардың" деген сөздерден кейін "бірыңғай" деген сөз бен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5-тармақтағы "ең төмен, міндettі және жылдық жұмыс бағдарламасымен" деген сөздер "жұмыс және жылдық жұмыс бағдарламаларымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 4) 3 6 - 1 б а п т а :

7-тармақтағы "4 айдан кешіктірмей" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Теніздегі жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу үшін жұмыстар орындауды және (немесе) қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға осы бапта белгіленген нормалар қолданылады.";

2 5) 3 6 - 2 б а п т а :

3-тармақтағы "арнаулы бағдарламалар" деген сөздер "арнаулы бағдарлама" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Материалдарға, заттарға, олардың санына және оларға қол жетімділігіне нормативтер мен талаптарды өздерінің құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар белгілейді.";

26) 36-3-баптың 2-тармағындағы "қоршаған органды қорғау жөніндегі мемлекеттік орган бекіткен Мұнай немесе газ құбырында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының қоршаған органды қорғау саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен мұнай-газ құбырында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 7) 3 6 - 6 б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"36-6-бап. Тенізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге тастау мен көму";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тенізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге тастауға және теңіз түбіне көмуге тыйым салынады.";

28) 38-баптағы "28-1" деген цифр "27" деген цифрмен ауыстырылсын;

29) 40-баптың 4) тармақшасындағы "өнеркәсіптік-тәжірибе жұмыстарын жүргізу және жекелеген скважиналарды" деген сөздер "жекелеген скважиналарды жүргізу және" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 0) 4 1 - б а п т а :

1) тармақшадағы "әлемдік өнеркәсіпте" деген сөздер "халықаралық іс-тәжірибеде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "айналадағы" деген сөз "қоршаған" деген сөзben ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

6), 7), 8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімді, олар мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келген жағдайда, міндетті түрде пайдалануға;

7) мұнай операцияларын жүргізу кезінде жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету үшін әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, егер бұл қызметтер көрсету мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сай болған жағдайда, қазақстандық ұйымдарды міндетті түрде тартуға;

8) келісім-шартта айқындалған көлемде келісім-шарт бойынша тартылған қазақстандық қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау бойынша оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

9) құзыретті органға жұмыс бағдарламасын іске асыру туралы ақпаратты беруге;";

31) 9-тараудың тақырыбындағы "Айналадағы" деген сөз "Қоршаған" деген сөзben ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

32) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама

Тенізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарт жасау үшін қажетті экологиялық негіздеме белгіленген қызметтің қоршаған ортаға әсер етуін (ҚОӘБ) міндетті түрде бағалай отырып нұсқалық негізде орындалған, мұнай операцияларының экологиялық-экономикалық негіздемесіне мемлекеттік экологиялық сараптама жасаудың оң қорытындысы болып табылады.";

33) 48-баптағы "Айналадағы" деген сөз "Қоршаған" деген сөзben ауыстырылып, "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

3 4) 5 3 - б а п т ы н 1 - т а р м ағын д а :

"немесе халықаралық ұйымға" деген сөздер алып тасталсын;

", соның ішінде акциялардың бақылау пакетінен айыру жолымен" деген сөздер алып тасталсын;

"Лицензиялық және Құзырлы органдардың" деген сөздер "құзыретті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 53-1-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының ерекше" деген сөздер "тек қана Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Дауларды шешу

1. Келісім-шартты орындаумен, өзгертумен және тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер жүргізу арқылы не дауларды шешудің келісім-шартта бұрын келісілген рәсімдеріне **сәйкес** **шешіледі**.

2. Егер келісім-шартты орындаумен, өзгертумен және тоқтатумен байланысты дауларды осы баптың 1-тармағына сәйкес шешу мүмкін болмаса, онда тараптар дауды **шешү** **үшін**:

1) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сотқа;

2) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заң актісіне сәйкес халықаралық төрелікке бере алады".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі лицензиялар осы Заңның 1-бабы 1-тармағының 64) тармақшасы ескеріле отырып, осындаи лицензиялар берілген кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес ұзарту кезеңдерін қоса алғанда, олардың мерзімі аяқталғанға дейін өз күшін сақтайды.

Қазақстан Республикасының

Президенті